

АТЫМТАЙ АЗАМАТ ТАҒЫ ДА АЛҒЫСҚА БӨЛЕНДІ

Ойыл ауданының өркендеп өсіп, дамуына, өңірде туып өскен азаматтардың қосқан үлесі орасан зор. Солардың бірі туған жері үшін білек сыбанып қызмет атқарып жүрген Ойылдық жерлесіміз, «АНВАР» ЖШС-нің бас директоры, АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТЫ ТАЛҒАТ САЛФИКОВ. АУДАНДА АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАРДЫҢ БӨРІНДЕ ДЕРЛІК ТАЛҒАТ АҒАМЫЗДЫҢ ҚОЛТАҢБАСЫ БАР.



Ойыл өңірінің аухатының артуына көмек қолын созып жүрген жомарт жан бұл жолы Жолмырзаев көшесіндегі №42 екі қабатты тұрғын үй иелерінің өтініштеріне демеушілік көрсетті. Тұрғын үй шатыры қазіргі заманға сай құрылыс материалымен (бикрост) жасалынды. Жұмыстың сапалығы тексеріліп, толық аяқталғаны жөнінде тұрғындарға аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы мен Ойыл селолық округінің

әкімі Сәндібек Дәулетқалиев жеткізіп, қуаныштарымен бөлісті. «Қайда жүрсе де туған өлкесін, туған халқын естен шығармай, таршылық көргендерге қол ұшын созуға асығып тұратын нағыз патриот Талғат Салфиқовке, сонымен қатар аудан әкімі Асқар Қазыбаев, округ әкімі Сәндібек Дәулетқалиевке осынау иіс іске ат салысқан барша жан-дарға және де жөндеу жұмысын жа-

саған Нұрлан Шынбаев пен Қанат Ізгаринге алғыс білдіреміз. Қамқорлық танытқан жерлесімізге қайырымды ісі үшін 22 үйлік тұрғындары атынан риясыз алғысымызды білдіре отырып, ел игілігі жолындағы еселі еңбегіне табыс тілейміз», - дейді тұрғындар атынан сөз алған Жанат Сағатова.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ВЕЛОСИПЕДПЕН ЕЛ ТАРИХЫН НАСИХАТТАУШЫ

ҚАЗІРГІ БЕЙБІТШІЛІК ЗАМАНДА ӘЛЕМДІ ШАРЛАУДЫҢ ТҮРЛІ ӘДІСТЕРІ БАР. САЯХАТҚА КӨПШІЛІГІ ҰШАКПЕН, ПОЙЫЗБЕН, КӨЛКІПЕН ШЫҒЫП, ВЕЛОСАЯХАТТЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫН БІЛЕ БЕРМЕЙДІ. «ҚОС ДӨНГЕЛЕКТІ ТЕМІР КӨЛКІПЕН ТҮРЛІ ҚЫР-ТӨБЕ, ТАУЛАРДАН ӨТУ, АУА-РАЙЫНЫҢ ҚОЛАЙСЫЗДЫҒЫ, ТҮНГІ УАҚЫТТА БЕЙТАНЫС ЖЕРДЕ ШАТЫР ТІГІП, ТҮНЕУ - БҰНЫҢ БАРЛЫҒЫ ҚИЫН БОЛЫП КӨРІНГЕНМЕН, ҮЙРЕНІП КЕТУГЕ БОЛАТЫН ЖАЙТТАР. АДАМ ҚИЫНДЫҚТАРҒА ТӨТЕП БЕРІП, ШЫНДАЛАДЫ, ӨЗ-ӨЗІН ТӨРБИЕЛЕЙДІ» - ДЕЙДІ, БҮГІНГІ КЕЙІПКЕРІМІЗ...

Адамзат өмірінде спорттың маңыздылығын ұғындырумен қатар елдің тарихын насихаттаушы Рашид Ахметжанов ағамыз Ойыл өңіріне келді. Ойыл ауданында 1955 жылы дүниеге келген, қазіргі таңда Ақтөбе қаласының тұрғыны Рашид Ахметжанов Ақтөбе облысының аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштерді велосипедпен аралауды мақсат тұтқан. Ақтөбе қаласынан басталған саяхат алдымен Қобда ауданына бағытталған. Велосаяхатшы Қобда ауданының Жиренқопа ауылында орналасқан Қобыланды батыр мемориалдық кешеніне барып, тарихымен танысқан. Әрі қарай туған жерге жол тартып, ақ тарының атасы Шығанақ Берсиев ауылына келіп, сынықшы Сүлеймен Қарабалаұлының түнек үйінің шырақшысы Саламат Шанғалаулымен бірге ата аруағына арнап, құран бағыштайды. Келесі күні ауданға келіп, музей жанынан құралған өлкетанушылар клубының мүшесі Мәлік Мәмедовпен кездеседі. Елге деген сағынышын басқан азамат туған жерінің тарихи ғимараттарымен танысып, Көкжар жәрмеңкесінің сауда қатарлары, Ойылдың тарихи-мәдени орындарын аралайды.

67 жасқа келген елдің тарихын насихаттаушы күннің ыстығы, жаңбыр мен жел өзіне кедергі келтірмейтінін



айтады. Ауа-райына байланысты барлық жағдайы жасалған. Сапарға өзімен бірге азық-түлік, дәрі-дәрмек және жолға қажетті құрал-жабдықтарын алған. Екі дөңгелекті темір тұлпары спорттық үлгіде, аяғына артық күш түсірмейтін асфальтқа арналған.

Ойыл музейінің ғылыми қызметкері Дулат Исабаев Рашид ағамызды аудан басынан қарсы алып, музей қорындағы тарихи ескерткіштерге арналған маршруттық жол картасын табыстады. Маршруттық жол бағытына

байланысты саяхатшы ағамыз ары қарай Темір ауданына жол тартты. Бұл жұмыс музей саласындағы туризмді дамыту бағытындағы атқарылған іс-шаралардың бірі.

Осы шараны ұйымдастырып, басшылық еткен аудандық өнер және өлке тарихы музейінің директоры Бәлкія Рысбаеваның еңбегін айта кеткеніміз жөн.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

БАТЫР БАБАЛАР ЕРЛІГІ ҰРПАҚ ЖАДЫНДА ҰЛЫҚТАМА БЕРЕДІ



Жуырда Кеңес Одағының екің мәрте батыры Талғат Бигелдиновтің 100 жылдығына арналған шағын футболдан аудандық турнир өтті. Батыр бағамызды ұлықтауға арналған аудан біріншілігінде 5 команда өзара тартысты ойын көрсетті. Жарыстың жанкүйерлері көп болды. Аудан орталығынан шалғай жатқан Сарбие, Қайыңды ауылдық округтерінен келген командалар айрықша ойын көрсетіп, турнир жүлдесінен құр қалмады. Қайыңды үшінші орынды еншілесө, Сарбие екінші орынды иеленді. Ойыл командасы шебер ойын көрсетіп ғана қоймай, қызу дайындықтың нәтижесінде бірінші орынға қол жеткізді. Батыр бағамыздың 100 жылдығына арналған шараға тамшыдай үлесін қосқан барлық спортшыларымызға мақтау қағаздары мен медальдар табыс етілді.

БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРІ 90-ҒА ТОЛДЫ

«ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС, ҮЙРЕТУДЕН БАЛАҒА» - ДЕГЕН ҰЛЫ АБАЙ АТАМЫЗ. АРДАГЕР ҰСТАЗЫМЫЗДЫҢ ЖАС ҰРПАҚТЫҢ САНАСЫНА СЫНАЛАЙ ЕНГІЗЕТІН ТӘЛІМ-ТӨРБИЕ, ҮЛГІ-ӨНЕГЕСІ ӨЛШЕУСІЗ. ҰСТАЗДЫҚ — ҰЛЫҚ ЕМЕС, ҰЛЫ ҚЫЗМЕТ. СЕБЕБІ, ҰРПАҚТАРДЫ ҰСТАЗ ТӨРБИЕЛЕЙДІ. БОЛАШАҚТЫҢ БАСШЫСЫН ДА, ДАНАСЫН ДА, ҒАЛЫМЫН ДА, ЕҢБЕКҚОР ЕГІНШІСІН ДЕ, КЕНШІСІН ДЕ ҰСТАЗ ӨСІРЕДІ...



Ойыл ауданының білім саласында елеулі үлес қосқан жаратылыстану-математикалық пәндерінің ұстаздары баршылық. Саналы ғұмырының жарты ғасырдан астам уақытын ұстаздық қызметке арнаған Рухан Ертілеуқызы 90-ға толды. Білім саласының ардагеріне сый-құрмет көрсетілді. Жергілікті билік өкілдері Рухан әжейді арнайы құттықтап барды. Толығырақ тарқатсақ, Ойыл ауданы әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев пен білім бөлімінің басшысы Серік Меруенов, аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподағы ұйымының төрайымы Гүлмира Избағамбетова қарт ұстазға

сый-сыяпаттарын табыстап, құттықтау хатын ұсынды. «Еңбегіңіздің зейнетің көріп отырған шақта да Сіз ұрпақтарыңызға игілік пен ізгіліктің, пайым - парасаттың үлгісін танытудан жалыққан емессіз. Қоғамның әрбір жаңалығын жылы қабылдап, шәкірттердің бойына жеткізе білгеніңізбен қатар, бойыңыздағы бар жинал-терген біліміңізді білім алушылардың санасына сапалы етіп сіңіре білдіңіз. Балаларыңыздың шебер, парасатты шығуын мақсат еттіміз. Алдағы уақытта денсаулығыңыз мықты, көңіліңіз шат-шадыманға толы болып, ұл-қызыңыз, немере-

леріңіздің қызығына тоймай жүре беріңіз», - деген жылы тілектерін білдірді. Тоқсанға толған қарт ұстаз арнайы құттықтап келгендерге шексіз алғысын білдіріп, риясыз еңгімесін білім саласындағы еңбек еткен жылдардың естеліктерімен жалғады. Сондай-ақ қазіргі ел өміріндегі тың жаңалықтар мен өзгерістер жолынан хабардар екенін де айтып, «Білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы жасампаз мемлекет құруға болады», - деген ойын ашық жеткізді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

САРАЛЖЫН ОРТА МЕКТЕБІ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТУДЕ



Өткен жұмада Ақтөбе облысының білім басқармасы басшысының орынбасары Жеңісбек Ақбергенов Ойыл ауданына арнайы іссапармен келді. Іс-сапар барысында Жеңісбек Ақбергеновты және Ойыл ауданының білім бөлімінің басшысы Серік Меруенов «Ауыл ел бесігі» бағдарламасы

аясында Ө.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің ғимаратына жасалып жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Сондай-ақ жобалық сметалық құжаттарын қарап, мердігер «ИМАН» ЖШС өкілдеріне жөндеу жұмыстарының сапалы жүргізілуін, құрылыс материал-

дарының уақытында тасымалдануын қадағалау, құрылыс материалдарының сапалы болуын келісім-шарт бойынша уақытында аяқтау жөнінде тапсырмалар берілді. Сондай-ақ, жергілікті жердің тұрғындарын жұмысқа тарту бойынша сөз қозғалды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

«АРАЙЛЫ ТАҢДАЙ СҰЛУ- АСТАНА»

ЕЛОРДАНЫ АЛМАТЫДАН АҚМОЛАҒА АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ ШЕШІМДІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІ 1994 ЖЫЛЫ 6 ШІЛДЕДЕ ҚАБЫЛДАҒАН БОЛАТЫН. АСТАНАНЫ РЕСМИ КӨШІРУ 1997 ЖЫЛҒЫ 10 ЖЕЛТОҚСАНДА ЖҮЗЕГЕ АСТЫ. ПРЕЗИДЕНТТІҢ 1998 ЖЫЛҒЫ 6 МАМЫРДАҒЫ ЖАРЛЫҒЫМЕН АҚМОЛАНЫҢ АТАУЫ АСТАНА БОЛЫП ӨЗГЕРТІЛДІ. ЖАҢА АСТАНАНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҰСАУКЕСЕРІ 1998 ЖЫЛҒЫ 10 МАУСЫМДА ӨТКЕН ЕДІ. 1999 ЖЫЛЫ ЮНЕСКО ШЕШІМІМЕН «ӘЛЕМ ҚАЛАСЫ» АТАҒЫН АЛҒАН АСТАНА БҮГІНДЕ САМҰРЫҚ ҚҰСЫНДАЙ ҚАНАТЫН КЕНГЕ САМҒАП КЕЛЕДІ. БИЫЛ ЕЛОРДА САРЫАРҚАНЫҢ ТӨСІНЕ ҚОНЫСТАНҒАН КӨРІКТІ БАС ҚАЛАМЫЗ 24-ШІ МӨРТЕ ӨЗ ТУҒАН КҮНІН ТОЙЛАУДА.



Осы орайда Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы орталық саябақта «Арайлы таңдай сұлу - Астана» атты мерекелік шара өтті. Мерейлі мерекенің ашылуында Ойыл селосының әкімі Сәндібек Дәулетқалиев: «Астана ең қысқа мерзім ішінде салынып, бүкіл еліміздің қарышты дамуының нышанына, жағандық сәу-

лет өнеріндегі қайталанбас «Ғасыр жобасына» айналды. Ұлы Даланың елордасы әлемнің түкпір-түкпіріндегі халықтың басын қосатын халықаралық бітімгерлік алаңы болып танылды. Нұр-Сұлтан қаласында дүниежүзілік мәселелер талқыланып, жұлыз адамзаттық озық идеялар жүзеге асырылуда. Елорда күні

құтты болсын. Еліміз дамып, өркендей берсін!» - деп, аудан тұрғындарын мерекемен құттықтады.

Мерекелік іс-шарада патриоттық әндер айтылды. Аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары орталық саябақты әсем әнге бөлеп, аудан тұрғындары мен қонақтарына көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Г.АБАЙҚЫЗЫ.

КЕШЕГІ ЭПОС ҺӘМ БҮГҮНГІ ҰРПАҚ



«Жарандар, сал құлағың тыңдап бізге», - деп басталатын «Дотан батыр» жыры ары қарай: «Кешегі Орман-бат хан заманында, Өтіпті Құбақанбай жапан түзде. Өзінің құдай берген дәулеті көп, Қырық үл, қырық қызы бар көңілі тоқ...» - деп байддың дәулетін, шалқыған көңілін суреттейді. Дотан батыр жаңағы қырық үл, қырық қызыдың кенжесі болады. Жыр басталып негізгі оқиғаға арқау болар алғашқы сюжет басталар сөтте яғни қалыңдық іздеуге аттанар тұста қырық үл, қырық қызыға жол көрсететін шал, басқасынан бұрын кенжесі Дотанға: «Кенжесі ер Дотанға сөз айтады, Айтайды жөңді жауап өңгесіне. ... Сырымды сенен аяр бар ма хәлім?! Қулықтан қара көк тай тұған еді, Соны ұстап жылқыдағы мілгің, жаным»- деп ерекшелей ақыл-нәсихатпен айтлады. Жыр тақырыбымен қоса бірден Дотан бейнесін айқындай түсіуге кіріседі. Бұл туралы Сейіт Қасқабасов былай дейді: «Өлгі ақылды шалдың тағы да бір кеңесі бойынша болшақ батыр Дотан жылқыдан өзіне лайық ат таңдап мінеді. Ол ат – Қаракек тай болады. Үлкен өмір жолына қадам қойғанда ерлерге керек алғышартқың бірі – мінетін ат таңдау екені түрі-мүңгіл халықтары эпосында кең таралған құбылыс. Бұл көрініс эпикалық жырлардың барлық түрінде де кездеседі. Батырдың ат таңдау рәсімі жылқы түлігінің қолда үйретіле бастаған кезеңінен бөрі желі тартып келе жатқан сарын, өлденеше мың жылдық тарихы бар ұзақ процесс»,- дейді ғалым.

Шалдың айтқанын істеп бала Дотан тайды мініп, мылтығын алып аға, әпкелерімен жолға шығады. Тоғайлы жерге келгенде, ұлықтап жатқан балалардың бәрін жалмауыз кемпір жүтқанда жалғыз Дотанды жұта алмай оның жай бала емес екенін сезеді. Қара көк тайда жалмауызды теуіп, Дотанды оятады. Келесіде жалмауыз Дотанмен келісімге келуіне тура келеді. Жалмауыз Дотанды өзінің баласын ғашық болған қыз Күнікейді алып келуге жұмсайды. Бұл жерде жалмауыз Дотанға жау болсада оның жолын ашып тұрған секілді. Бұл жыр нағыз қаһарман кенжеңізі ерлік жыры. Дотан ағалары үшін қауіп-қатерге басын тігіп жүрсе, жолға шығарда ағалары онымен бірге сапарға шығуға жарамай, бастарын ала қашады. Осылай батырлардың белгісіз сапарға шығу, алғшқы ерлік қадамдары басталады. Ертегілік тұз алатын жырдың басында кенже бала тұсыз-туығандар болмаса әкесі себебінен емес, тікелей жалмауыздың қысымымен, үйінен жырақтап, алыс сапарға шығуға мәжбүр болады.

Енді жыр ары қарай классикалық түрде, Ер Төстік ертегісінде қасына жан жолдасын жинап, алда кездесетін қиындықтар мен қатерге, күшті жауды жеңуге әзірлік жасай бастайды. Бір жылда бір батырға кездесіп отырады. Бұл туралы академик Сейіт Асқарұлы былай деп пікір білдіреді: «Алыс сапар үстінде Дотанға көмекші, тілектес дос күштер кездеседі. Олар: саққұлақ, мерген, желпақ, көзбайлаушы. Бұлардың әрқайсысының теңдессіз күштері мен өнері жас батырға таудай тірек болады, мақсатына жеткіздіреді. Халық қиялы өзінің сүйікті қаһарманын ешбір жаудан жеңілмейтін ету үшін, осындай ғажайып көмекшілерді кездестіреді». Осы жерде тағы бір қызық жерін келтіре кетсек. Дотан батыр долстарын бір-біден кездестіріп, оларды қасына ертіп келе жатында үш үлкен тау дегені, үш дио болып шығып, сонда үлкен дио айтады: «Мына екеуі менің балам еді. Екеуі еншіге таласты, сонан соң екеуін таластырмай, күшін салмақтап, күш артығына енші берейін деп тұр едім, байқасам кіші ұлымның күші артық екен, соған артық берейін деп еншілерін бердім», - дейді. Осы жерде дошудың кенжесі артық туған кенже балаға көмектесуге аттанады. Ақыры жеті жыл жүріп Дотан батыр Күнікейді еліне келеді. Келсе Күнікей сұлуды алмақ болып, қалмақ ханы зорлық қылып жатыр екен. Осы жерден бастап, жыр ертегілік сипатынан нағыз батырлар жырына ауысады. Басында ертегілік сарыннан басталған жыр осылайша өз арсын тауып, әуелгі жалмауыз кемпір қорқыныш кейінге қалып, енді қалмақ ханы мен Дотан батыр және оның достары арасындағы күрес басталады. Қарсыласқан екі батыр арасындағы жекпе-жек қалыптасқан батырлар жырындағыдай болып, екеуі өзара күш сынасады. Біздің кенжеге осы жерде қызыр Ілияста көмектесіп қалмақ ханының

атқан жебесінен қорғайды. Тумысынан ерекшеленіп туылған кенжеге қосымша күштердің көмегі, онсызда жұлыдзы жарық кенжені тіптен аруақтандырып, енді ешқандай жау төтеп бере алмастай дәрежеде күш алады. Жырда дәл осы қалмақпен соғысқа кенже батыр Дотан жалғыз аттанды. Мистикалық көмекшілерден ада болған ол бұл жорыққа жалғыз аттанатын кәдімгі батырлардай («Ер Тарғын», «Аппамыс») өз қалыбын табады. Барлық жауды жайлап жеңген Дотан ер Күнікейді алуға лайық болса да, уәдесінен айныған Шынтемір ханның сынағына түсуге тура келеді. Осы кезде жыр қайтадан ертегілік сарынға алмасып, ертегілік детальдарды ары қарай үзбей жалғастырады. Осы детальдар туралы Сейіт Қасқабасов былай дейді: «Шынтемір ауылындағы жамбы ату, жауау жарыс, палуан күрестің бәрі үлкен той, жиындарда болатын дәстүрлі тамашаның көрінісі. Бірақ бұл тұсқа да көне түсініктер араласады. Шынтемірдің Дотанға қыз бермеу әрекетіне әезіл болып, мұнда да мыстан кемпір жүреді. Бұлай болыу табиғи, мұның өзі адамдар санасында сиқыр күштер құдіретіне сенушілік ұзақ сақталатынын көрсетеді».

Осылайша ханның арам пигылын Дотан батыр тас-талқан етіп, өзі қалаған Күнікейіне жолдастарының арқасында қол жеткізеді. Жоғары да айтты осы тұсты таза ертегілік сюжет деп, осы оқиғалардан кейін Дотан батырға серіктерімен қайтуға тура келеді. Бірақ, қайтар болса қызды уәде бойынша жалмауыз кемпірге беру керек, ал Күнікей оны білмейді. Бәрі қанша батыр, қанша алып болса да, жалмауыздан сескенеді. Ақыры Желаяқты Күнікейдің орнына қыз қылып киіндіріп, жалмауызға алып барады да Дотан батыр кетіп қалады. Ретін тауып қашып шыққан Желаяқты жалмауыз тұра қуады. Дио өтіріе алмаған жалмауызды Мерген атып өлтіреді. Осымен жырдың ертегілік сюжеттері аяқтап, Дотан еліне келесін, ағаларына жар іздеп жүрген жерінен қайтадан өзінің сұрлеуін тауып батырлар жырына ауысады. Өріне, батырлар жырына алмасқан соң ерлік жасамауы мүмкін емес. Отыз тоғыз ағасына әйел іздеп жүріп, жоңғар ханы Қалденнің қырық мың қолының тоз-тозын шығарып қуып жібереді. Осылай ерлік көрсеткен Дотан отыз тоғыз ағасына әйел де алып береді, хандық да құрады. Осылайша, батыр Дотан өзінің кенже балалық мотивтік мілдетінің үддесінен шыға алды. Жырдың дізтінін басталғаннан қолына алған кенже үл, отыз тоғыз ағасынан жырдың сюжеттері қоюланған сайын алыстап, өзінің талейліп-талейсіз тағдырымен ортаға шығады. Ол жырга бағынбайды, жыр оған бағынады. Жыр кенже батырдың хал-харекетін суреттеумен, кенжеңі көтермелеумен қамшының таспасындай еріліп отырады. Қан жұтып, қайғы шексе де, қуанып бақыт тапса да, жыр бастан-аяқ батыр рухының жанын жеткізуден, күрескер жолып әспеттеуден болады.

«Дотан батыр» жырлы тым ескі заманның жыры емес. Иа болмаса, ұзақ уақыт бойына тарихи, саяси, әлеуметтік себептерге байланысты, күрделі өзгерістерге ұшырап, бізге жеткен нұсқасы болуы керек. Сосын да жыр да ертегілік сюжеттермен қатар батырлық жыр үлгілері қатар жүріп отырады. Сондықтан да бізге қолай қосылған, өзгеріске ұшыраған сюжеттер оғаш көрінеді. Жырды жеткізудің алғашында Дотан батырға қиял-ғажайыптық сипат бергісі келіп, оның фантазиялық бейнесі арқылы батырлық болмысын қоюлатқысы келгенге ұқсайды. Өріне, ертегідегі ғажайып туылуы, ғажайып кейіпкерлерге ұшырау, ғажайып мақұлықтарды жеңу бәрі-бәрі батырдың да олардың қалыспайтын ғажайып болмысын аша түсетін секілді, батырлық жырда дәл осындай шынайы өмірде жоқ элементтердің жүрі, жырдың өсерін өзгеше бедерлей түсетіні анық. Осылайша, батыр екі түрлі кеңестікке шыққанда, екі түрлі қаралы арасына ақ ба-сады. Яғни жыр ертегіден шығып, батырлық жырға ауысқанында кенже батыр достарын «ұмытып» кетеді, ал, ертегілік кеңістікке шыққанда батырлығынан «көз жазыңқырал» қалады. Мүмкін, «Дотан батыр» басталқыда жыр да, ертегі де емес, бөлім аңыз, болмаса ел аузындағы ескі әңгіменің ұшқыны болған болуы мүмкін. Олай дейтініміз, ертегілік сарындағы оқиғаларда ешқандай жаңа сюжеттің

болмауы, бәрі де баяғыдан келе жатқан ертегілік мазмұнмен өріс алуы. Мысалы, жолдастарымен кездесіп танысу басқышы, олардың батырлық қызыметі, Шынтемір ханның зұлымдыққа барып, Дотан батырды сынауы дегендер («Ер Төстіктен» таза көшіріп алына салынған сюжеттер ағыны. Тіпті, Шынтемір ханның аты «Ер төстіктегі» Темір ханның есімінің төңкерсе салған аты болса, ал, Күнікейдің есімі туралы айтпай-ақ қойсақта болады. Өзгеше сюжеттер десек, жалмауыздың ұйықтап жатқан балаларды жұтып қоюы; жалмауыздың Дотанды жұмсауы; жалмауызды достарының өлтіруі осы үшеуі, ары қарай жалмауыздың баласы не болады ол айтпаймайды. Тағы бір қиыспайтын жері Дотанның сонша алыс апарға шығуына, ешқандай кепілдіксіз жалмауыздың айтқанына көнуі еді. Жалмауыз да «ақ көңіл», не ағаларын ұстап қалған жоқ, не әпкелерін барым-талаған жоқ. Ертегілер де жалмауыз бен батыр ешқашан келіспейтін сияқты еді. Бұл жырда батырдың жолға шығуы жалмауыздан қорқуы ғана. Өйтпесе қолындағы мылтығынан бажылдап қорыққан жалмауыз бен бала қалай бір байламға келе қалды, осы жағы түсініксіз.

«Дотан батыр» жырындағы кенже батырдың батырлық әрекеттері лахқымыздың классикалық жырларында көптеп кездеседі. Өшейін оқиғанға ермек болсын, айтылатын сөз болсын дегендей, мақсатты түрде жазылған жырға көбірек келіңкірейді. Себебі, жыр аяқтай бере Жүсіпбек Қожа былай дейді: «Басында ертегі еді мұның өзі, осындай қол біреудің айтқан сөзі. Қисса қыл, шығаруға лайық көріп, Жүсіпбектің бұ да бір салған ізі». Осы жолдардан-ақ білетініміз бұл жырды Жүсіпбек Қожа назиралық үлгіде жазды ма деген ой көптеді. Негізі Жүсіпбек Қожа Шайқысламның өзі жазғана келіңкірейді. Себебі, Жүсіпбектің жазып-сызары бар десек, бұндай туындыны жарату оған тым ауырлық етпегені анық. Осылайша, біз өзіміздің жырға байланысты пайымымызды айтып болған секілдіміз. Кейбір көмшін тұстарын көріп тұрғасын жоқ деп айта алмадық. Жалпы жыр автор айтқандай, ертегіден батырлар жырына ауысса да, біз іздеген кенже бала бейнесіне лайықты жауап бере алды дейміз. Кенже батырдың туылу, өсіу жолдары ерекше болмаса да, ұзақ сапар барысында өзіне лайықты достарын тауып алуы, оның толық қанды батыр болуына алғы шарт болып табылады. Бұны біз жыр ертегі дейміз бе, ертегі жыр дейміз бе қалай десек те кенже бейнесін еркін көтерген, оны бәрінен артық етіп қоя білгені, біз бұл жырды кенже бала бейнесі туралы типтік жыр үлгілерінің бірі деп ұялмай айта аламыз.

Келесі тарихи жырға көшсек. Атақты Кенесары ханның інісі Наурызбай батыр туралы жырға шолу жасап көрсек. «Наурызбай – Ханшайым» атты бұл жыр басталар кезде Наурызбай батырдың арғы тегі туралы толғап бастайды да, негізгі кейіпкер Наурызбайға келген де, оны Қасым ханның төрт ұлының кенжесі еді деп же-келеп айта кетеді. Бізге де керегі осы кенжесі. Жыр өз дағдысын айнаымай батыр Наурызбайдың бейнесін тіктеуге көшеді. Жас болсада қас батырлық сипаттағы жас Науан қайраты бойына смай, өзінен қайраты асқан кім бар деп, бір отырыста шалқып отырып қырық жігітінін сұрайды. Қырық жігітнің біреуі Тілеуқабақ деген байдың Әли, Мұса деген екі ұлы бар екенін, байлығы мен қайраты тең тасыған, олардай бағы асқан ер көрмедім дейді. Көзінен от шашып, жалақтап жау іздеген жас Науанға бұл сөздер қамшы болып тиеді. Қандай жыр, эпос болсын батырдың сапарға шығуына, ерлік жасауына себепкер бір оқиға болу керек қой. Ертегідегі әеілден келіп дайын еді. Алдыңғы жыр сияқты қиял-ғажайыптық тұз алмайтын бұл жыр барынша шынайы өрбуге бейімделіп, Дотан сияқты дәулерді жинамай, жас Науан қырық жігітпен сапарға аттануға қамданады. Бірінші қадам, хан Кененің алдынан өту керек. Наурызбайды бәрінен артық көретін, оны өз қамқорлығына алған Кенесары ханға Науаннан сапар шегемін дегені қатты батады. Көңілімізге қаһарлы хан болып орныққан Хан Кене осы жерде батырға ақ жол тілейтін (ертегі, эпостардағы) батағой ақсақал ретінде көрінеді. Наурызбай айтқанынан қайтпасын білгенін амалсыз ақ батасын беріп, болшақ батырдың жолына сәттілік тілейді.

Дәл осы жырдың, осы тұсын С.А.Қасқабасов былай деп түйіндейді: «Жырдың осы эпизоды екі міндет атқарып тұр. Бірі – жас батырдың үйден шығуы, яғни өз мықтылығын көрсету үшін жортуылға шығуы. Екіншісі – осы жорықта батыр өзінің қаһармандығын көрсетуі. Осының екеуі де ескі эпоста бар. Бұрынғы батыр да өзінің күшін сынау үшін немесе өзіне әйел іздеу мақсатында жолға шығады. Мұны ғылымда «үйден аттану» («отлучка из дома») дейді. Осыған сәйкес Наурызбай да үйден аттанады. Оның аттану себебі – намыстануы. Алайда, ол бірден аттанбайды, алдымен ағасынан бата алуға тиіс, әйтпесе жолы болмайды. Кенесары ағасы ө дегеннен келіспейді, әлі жасың дейді. Сөйтіп, фольклор заңына сәйкес «тыйым» салынады, ал, тыйымды бұзған кісі пәлеге ұшырайды. Осыны ескерген жыршы бұл жағдайды басқаша шешеді. Наурызбай ағасына ауыр сөз айтады. «Қатынымша қаңтарып тізіңдеісіз, Абдуырдың қимайсыз, сіре, маған»». Осыдан кейін Кенесары

ұрқаст береді де, Ағыбайды басшы етіп, қырық жігітті қосып, Наурызбайды жылап тұрып аттандырады. (Кенесары жырда екі-үш жерде осылай жұмсарып, көзіне жас алады, тіпті, мінежат қылып, зарланып, еңірейді. Бұл жырдың лирикалық қырын қушейту үшін қолданылған тәрізді). Сонымен, Наурызбай үйден аттанып кетті. Ары қарай батырды қиын сапар, ауыр жол күтіп тұр. Алғашқы қиындық Кенесары хан айытқан Үшбурыл өзенінің алаптап ағыны еді. Жырда («Қырықжігіт суды көріп есі кетті, Топтоп бол сбырласып күңкіл етті. Әркімнің бас аманы өзіне олжа, Қырылмай осы жерден қашсақ деді»). Бірақ қайраты асқан Наурызбай бұл судан өтпегеннен өлген артық деп көк бестісін ойнақтатып, суға қойып кетеді. Арқыраған ағыны қатты Үшбурылды бағындырған Науан алғашқы ерлігін осылай бастайды. Бұрынғы ертегілер мен кейбір қиял-ғажайып жырларда батыр қаскөй күштермен күресіп, ерлік сынасса, тарихи жолда ол өзгеше тұс алып, асау өзен болмаса асау ат, күшті батыр сынды баламалар тапқан. Енді олар алған мақсатына бір табан жақындайды, бірінші қиын сынақ өткел бермес өзен артта қалды. Келесі қадам, ебін тауып әлгі жігіт мақтаған байдың жылқысын қуып, екі ұлының қайратын көру ғана қалады. Бірақ, осы жерден қараңғыда ән салған қыз жырға араласып, жырдың негізгі тақырыбы болған Наурызбай мен Ханшайым арасындағы өзара диалогпен бірге екеуін жіпсіз байлайтын жыр негізгі мақсаты ортаға шығады.

Ары қарай жыр өз арнасымен жылқы қууға көшеді. Қыздың айтуы бойынша байдың қалың жылқысын дүркіретіп, өзеннен өтер жер тоғыз аралға қарай қуа жөнеледі. Артынан қуғыншы болып шыққан, бағанғы жігіт мақтаған Әли мен Мұсаны қолының ұшынд да көтермей, бастасының қырымен өшейін қағып бастасын жарып, атынан аударып алады. Осы жерден Ханшайым оқиғаға қайта араласып, Науан айдап бара жатқан әулетінің бар жылқысын айырып алмақ мақсатында, батырды сөзбен тұқыртып, жан тұқымы болсаң қатынға ұқсап түнде қашпай, мықты болсаң күніз ашық ай-қаста жеңіп алып қайт дегенді айтады. Науанда қара көк тұқымы ғой, жылқысын айырып алар ер болса ай-қасуға келсін деп Ханшайым келініп, үш күн күтпек болып қала береді.

Жыр барысында Наурызбайдың ерлігімен қатар мәрттігі де жүреді. Ол қанша алып батыр болса да, сөзге тоқтап, әйел заты болса да сөз жүйесін тапқан Ханшайымның бір емес бірнеше рет сөзіне жығылады. Ханзадалығын малға сатпастан тектілік танытып, өз биігін сақтап қалады. Кейін осы іні Кенесарыға мәлім еткенде дырыс істегенін айтып алқайды. Ал Науанның тектілігі өлденеше жерде көрініп жатады. Мысалға: «Ақ сүйек ханзададың тұқымы ғой, Бір ауыз Ханшайымға үндемеді»,-дейді. Тілеуқабақ байдың жылқысын айдап кеткелі жатқанда Ханшайымға жылқы ішіндегі торы атыңды өзің ұстап ал деп ертіп келе жатқандағы Наурызбайдың мінезі еді бұл. Яғни Ханшайымдай сұлудың жаңында келе жатып орынсыз қылжақтан аулақ болып, ұстамдылық еткендегі еді.

Ханшайымның алғашық тоқтама сөзінен кейін, жылқыларды араша-лауға іздеп келер жан болмасын сезіп енді аттанып бара жатқанда, қасына ерткен Жолдасы бар Ханшайымды көреді. Науанның қайратына қарсы тұрар ешкім болмай, жылқыны батыр-дан айырып қалуға сауға сұрап қыздың өзі келген кезі де: «Жылқыңды берер болсаң, бүтін бергін, Үміт қып, хан ұлы деп іздеп келдім. Есептеп әділдікпен бергеніңе, Мені де қосып алмай жүре бергің»- деп Науанды екінші мәрте сөзден ұтып жылқысын қайтарып алады. Бірақ, әуел баста уәделескен уәделері енді шынайы қыз-жігіт арасындағы уәде ауысып, Наурызбай қайта айналып келіп алмақ болып, Ханшайым күтуге ниет білдіріп айырылсады. Аталмыш жыр осылай дами келе Алшын, Жаппас Науанды күйлеу бала ретінде қабылдап аттандырады. Бейне Төлеген сияқты Шектің шабамын деп барып күйлеу бала болып қайытқандай әсер қалдырады. Біздің кенже батыр Науанда сондай жағдайда хан ордасына қайтады.

Жырдың негізгі тулғасына айналып Науанның ерліктерін азғандай бөлектерін ғана суреттесе де, суреттеп берсе де, Наурызбайдың батырлық бейнесін ертегі мен эпостығдай көп қиындыққа салып, не бір алып мақұлықтармен күрестірмес де, жырда Науан әрі батыр әрі әділ төреші ретінде көрінеді. Батырлық бейнесін сомдауда жесірін жоқтап келген қалың таманы алып бітісімен сескендіреді. Тіпті, Әли мен Мұсаны ұрып жыққаннан кейін былайғы алышын, жаппас жұрты батырдың айбаты мен қайратын ықыңданын жылқы үшін бастарын бөйгерге тігетін азамат шықпай, мәсқара болғанда Ханшайым өкесінен бата алып өзі аттанады. Осы сюжет-тер арқылы, батыр бейнесінің батырға лайық екендігін, оның жан баласынан қорықпайтын жау жүректілігін толық ашып береді. Әрі батыр, әрі ақылды, өзі мәрт, кезі келсе әділ төрелік айта білетін шешімімен жұртты тиза ететін қадірлігі де болды. Жалпы, жырда Наурызбайды мінсіз тұлға, хан сүйекті бітімін зорлап таңбайды. Сөйлесуе келген адам болса сөйлесіп, белдесуе келген адам болса белдесіп, өзге теңдесетін жан жоқ екенін бір емес, бір неше жерде дәлелдейді. Жас Науан хан Кененің құзырындағы адам болса да, бұрын біреуге барып, бір

жерде билік айтып көрмесе де, Кенесары жоқ жерде нағыз ханзадалық қалпынан бір айнымайды. Ол ерекшелігі әсіресе той үстінде көп көрінеді. Жоғарыда айттық тамалар мен алшын, жаппастарды Ханшайымға төле-кен қалың малына бола туындайын деп тұрған керістің алдынан алып, керемет жомартығы мен мәрттігі арқасында екі жақты да риза-хош етеді. Және сақау ақын қыз Толбаланың қорлығына шыдамаған қырық жолдасының тілегін орындап, халықты жиып Қасым мен Толбаланың некесін өздерінің некесімен бірге қиып береді. Кенже баланы осылай әспеттеу ежелден қалыптасқан фольклорлық сарын десек, Науан батыр бейнесін көтермелеу бір жағы үйреншікті ертегілік сипат беру болса, бір жағы көпшілік тыңдарман мен оқырманның назарын Науанға аудару тәсілі болып табылады. Бұның бәрін жырдың тарихи ерекшеліктеріне барып тірелетіні ақиқат.

Осылай жыр жалғасын тауып, еліне қайтып келген Науан барлық жай-дәті ағасы Кенесарыға айтып береді. Оның бұл шешімін құл көрген Хан Кене ұлан-асыр той жасап, бауыры үшін шын қуанады. Жырда Хан Кене жасаған той мен Наурызбайдың қайын жұртына барып жасаған тойда өткізілген ырым-салттар, қайын жұртқа барғанда күйеу бала өтейтін кәделері, сый-сияпаттар, қай-қайсысын айтыңыз, бәрі тұнып тұрған ғұрыптық фольклордың түп нұсқа түрі. Осы жерін автор кең қамытып, асықпай әспеттеп қазақ тойында болатын жам-бы ату, палуандар күресі, ат бәйгесі, ақындар айтысы бәрін керемет суреттеп кеткен. Ал, той үстіндегі Науанның болмыс-бітімі қалай десеңіздерші, оның нағыз ханзадай өзін ұстауы, ел ұстаған еркелер мен серкелерге жасаған қарым-қатынасы, ханның ұлы ретінде көрсеткен безекзалдығы бәрі өзіне жарасып, жан баласы атына сай тектілік таныта білгендігі еді. Тыңдаушыға Науан ер екі иығын жұлып жеген тентек батыр емес, әр нәрсені пайымдап, тереңіне көз жібере алатын сұңғыла ретінде көрініс табады.

Жалпы жырдың өн-бойын Науанның мысы басып тұрады. Жыр бастала бере жасы он жетіге енді келген, қайраты асып-тасқан жас Наурызбайдың өзіне тең келер жан таппай алас дұрған бейнесінен, батырлық өктемдігі білінеді. Қорқыуды, қаймығуды білмейді. Алдында от тұрса отқа, су тұрса суға түсуге дайын. Келесі де батыр өзінің батырлығын дәлелдеу керек. Енді алатын жау жоқ болса да, қуатын жылқы бар. Жылқы алғалы бара жатқан кезде Наурызбайдың алғаш өктемдігі қырық жігітін судан өткізген тұста көрінеді. Қашуды ойлаған жігіттерге өзеннің ағысы емес, Науанның қаһры қатты тиеді. Өзеннің ағы жағында тұрып айғайлаған батырдың сесіне шыдамай жігіттерде суға қойып кетеді. Келесі де Әли мен Мұсаның басын жарып, жылқысын тартып алып, алшын мен жаппасқа үш күн мұрасат бергенін де, екі рулы елден жас батырға қарсы келер ешкім шықпай, әркім қара басының қамымен болатын кезі еді. Үшіншісін де Науан Ханшайымды алғалы келе жатып, ағасы хан Кене берген алтын шатырын Үшбурыл көлдің жағасына тігіп, өзінің салтанатын құрып жатқан кезінде, қайын жұртынан келген хабаршылар Науанның қаршыға құстырағын көріп, келгендеріне өкінген жерінде де батырдың әуелгі десінің басып тұрғандығы еді. Төртіншісін де, сүйеген жыршы Ханшайымға байланысты барша тамаға сәлем айтып, келіссе келіп бітімін алсын, келіспесе тұрысатын жерін айтсын деп, елдесуден де, жауласудан да кет ары емес екенін ескертіп, Ханшайымға араша түседі. Ал, жырда тамалардың Науанды көрген жерін былай келтіреді: «Науанның бой сипатын көргеннен соң, Қысылып тама халқы жаман састы»- дейді. Жыр осындай ұсақ-ұсақ детальдарды молайту арқылы Наурызбайдың жырдыағы салмағын асыра түскен. Наурызбай әрі хан інісі сұлтан, әрі батыр. Ол қараша халыққа қалай болғанда да өмірін жүргізе білді. Кейде батырлығымен қорқытса, кейде ханзадалығымен қаймықтырды. Осылай өзінің ұпайын оңай жинап, қаһармандық мәртебесін мақтанышпен атқарып шықты. Академик Сейіт Қасқабасовтың пайымдауынша «Наурызбай-Ханшайым» жыры – сөз өнеріне жататын көркем шығарма. Оның образдар жүйесі, тіл кестесі, көркемдікш құралдары мен бейнелеуші амал-тәсілдері жалпы фольклор поэтикасының аясында қалыптасқан. Сол себепті тарихи адамдардың бейнесі, олардың мінезі, іс-қимылдары фольклорлық қалыпта бейнеленеді, халықтың этикалық, эстетикалық ұғымына, түсінігіне жана талап-тілегіне сай суреттеледі. Соған байланысты кейіпкерлер дәріптеледі, мінсіз адамдар болып көрсетіледі. Осындай кейіпте, әсіресе, Кенесары, Наурызбай және ойдан қосылған Қаншайым, Әли, Мұса, Құлнарайым, Толбапа, т.б. бейнеленеді.

Осылайша жырда Науан батырлығымен Ханшайымның екі ағасын састырып, ақыл-парасатымен қалың таманы ықтырып, сүйегінен қол жеткізіп, хан ағасы Кенесарыға берген уәдесі бойыншы ордаға келеді. Орда да ұлан асыр той болып, игі тілектің жарышыс Кенесары хан келіні Ханшайымның дидарын көріп, ризалықтан ақ батасын берген сәтте көзі тиіп, жас келіп ауыра бастайды. Не керек, жырда Кенесарының назары қатты еді деп қасиет беріліп, енді ғана босаға аттаған хас сұлу Ханшайымға сұғы тиіп, мезгілсіз қайтыс болады. Жырдың негізі бөлегі осы жерден тамамдалады. Жыр соңын трагедиямен аяқтату да, өзіндік

бір көркем шешім болып табылады. Арманға жеттік-ау деген үміттерді пышақпен кескендей үзетін бұл сюжет, оқырманның да ішіне, еттен деп өкініш отын ұялатып кетеді. Енді, батырда қайғылы, оқырманда бөсен. Бұл эпикалық шығармалардың сарынына мүлде қайшы шешім болып, елін-жерін қорғаған батыр жарымен қауышып, жыр соңын дерліктей бақытқа жеткізіп, тамамдап отыратын классикалық үлгіден басқаша «Қыз Жібек», «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» сындыды лиро-эпостың ізімен өз шешімін қабылдайды. Яғни, екі ғашықтың бірі мерт болды. Жалпы жыр соңының шешімі бізге ондай таңсық емес, тек ертегі сынды елестейтін ежелгі ғашықтар жырынан өзгешелігі, кейіпкері күні кеше ғана өмір сүрген хан Кененің інісі Наурызбайдың басындағы тағдыр тауқыметі, махаббат трагедиясы, шындыққа жақын іспетті қабылданады да, былайғы оқырман қауымға да ауыр тиіп жатады. Сейіт Асқарұлының айтқанындай «Наурызбай-Ханшайым» жыры – фольклорлық қалыптан ауытқып, сөз өнеріне жататын көркем шығармаға айналып шыға келеді.

Осы жырдың да жазылу-сызылуына Жүсіпбек Қожа Шайқысламның тікелей араласқаны, жырдың мақамынан, стильдік ерекшелігінен айқын көрінеді. Алдыңғы «Дотан батыр» жырына да екі түрлі ертегілік пен батырлық жырының араласып келуі менмүндадалап тұса, осы жырды батырлық сюжет пен ғашықтық жырдың араласып келуі ерекшелендіріп тұрады. Ханшайым бейнесі – әріне батырға лайық жар болып, әуел бастан Нарызбайға кездескен жерден өзінің алғырлығын, ақылдылығын көрсете біледі. Науанды жан баласы екенін білген соң, бірден ханзадаға лайықсыз тұн қатып жүргенін қалай деген сауалдарды тасатай келе, Науанның безекзалдығына мін тағып, бетіне басқа. Бір бұл емес Ханшайым әлде неше рет Науанға жүйелі сөз айтып, еркектер істей алмаған ерлікті бір өзі көтереді. Бір емес екі рет әулетінің намысын қорғап, батырға лайық жар екенін дәлелдейді. Осындай мінсіз арудың орнын сөзі мен іс-әрекеті жас Науанның жүргені жаулайды. Ендігі жерде оған жылқы емес, Ханшайым арман болады. Осылай батырдың жолына тұрған ақылды қыз

БИЫЛ ЖАСТАРДЫҢ БАСТАМАЛАРЫНА 1,2 МЛН ТЕҢГЕНІҢ 10 МЫҢ ГРАНТЫ БЕРІЛЕДІ

2030 жылы Қазақстандағы жұмысқа жарамды тұрғындардың 80%-ы – 30-ға толмаған жастар болады. Бұл туралы ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Сенат депутатының сауалына берген жауабында мәлім етті. «Қазір жастарды жұмысқа тарту үкіметтің басты назарында. Өзіңізге мәлім, 2000 жылдан бастап 300-400 мың бала дүниеге келіп, ел демографиясы оңалды. Қазір олардың алды еңбекке жарамды жасқа жетті – жұмыс күшінің 60%-ы, ал 2030 жылы олардың үлесі 80%-ға жетеді. Жастар үшін жыл сайын 1 миллионға жуық жұмыс орны ашылуға тиіс», – деп жазылған жауапта. Үкімет басшысының айтуынша, азаматтарды табысты жұмыспен қамту үшін бастапқы тең жағдайлар жасалмақ. Әсіресе, жастар үшін түрлі тетіктер қарастырылып жатыр. Олар: 1) Жыл сайын 100 мыңға жуық жасты өндіріс орындарына жұмысқа орналастыру;

2) Жамбыл облысындағы пилоттық жобаның негізінде ауыл жастарын кооперативтер арқылы тұрғылықты мекенінде жаппай жұмысқа тарту; 3) «Дипломмен ауылға» және «Жастар практикасы» бағдарламаларын қайта қарау арқылы өңірлерге жұмысқа тартылған жастарға еңбекақымен бірге үстемақы және дифференциаланған әлеуметтік пакет ұсыну; 4) Жастардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау үшін гранттар бөлу. Биыл жастарға арналған 10 мың грант қаралып отыр, ал оның сомасы 1,2 млн теңгеге жеткізілді. 5) «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасы аясында жұмыс берушілермен бірге мектеп түлектерін және ҰБТ тапсырмағандарды жұмыспен қамту. «Қаралып отырған шаралар жастарды жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру проблемаларын шешуге ықпал етеді», – деп жазады Әлихан Смайылов.



БЖЗҚ ЖАНЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ОТЫРЫСЫ ОТТИ

ЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңестің 20 отырысы 2022 жылдың 24 маусымында өтті. Күн тәртібінде келесі мәселелер болды: инвестициялық портфельді басқарушылардың инвестициялық стратегиялары (ИПБ), сондай-ақ «БЖЗҚ»АҚ 2022-2026 жылдарға арналған Корпоративтік даму стратегиясы.

«БЖЗҚ» АҚ-мен сенімгерлік басқару туралы шарт жасасқан барлық 4 ИПБҚК мүшелері өздерінің компаниялар және зейнетақы активтерін басқарудың негізгі бағыттары туралы баяндады. Естеріңізге сала кетейік, қазіргі уақытта ИПБ-ға берілген жинақ көлемі шамамен 9 млрд теңге.

Инвестициялық портфельдерді басқару жөніндегі компаниялар өкілдерінің барлық сөздерінің негізгі түйіні, зейнетақы активтері – бұл ұзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық қызметтің нәтижесін кемінде үш-бес жылдық кезең ішінде талдау орынды. Қазіргі қаржы және экономикалық нарықтағы құбылмалы жағдай уақытша сипатта, дегенмен ол дереу әрекет етуді талап етеді. «BСIInvest» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Виктор Кышпаннаковтың айтуынша, мұндай жағдайда салымшылардың жинақтарын сақтау өте маңызды. Сол себепті «BСIInvest» АҚ геосаяси ахуалға тәуелді активтерге инвестицияламау туралы шешім қабылдаған. Осылайша, жоғары кірістілікке қарамастан, қақтығысқа қатысушы елдердің қаржы құралдарына инвестиция салу әу бастан жоспарланбаған.

«СентрасСекьюритиз» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Қамаров барлық инвестициялық басқарушылар үшін осынау қиын-қыстау сәтте тәжірибе алмасу алаңы ретінде мұндай басқосулардың пайдасы зор болатынын тоқталды. Ол, сондай-ақ, қазіргі кез-

де табыстылықтың төмен деңгейі инвесторлардың әлемде қалыптасқан жағдайға деген теріс көзқарасы екенін, бірақ ұзақ мерзімді басымдықта ИПБ салымшыларға инфляция деңгейімен асатын кірістілікті қамтамасыз етулері тиіс екендіктерін атап өтті.

Одан әрі сөз алған «Halyk Global Markets» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Виталий Хон компанияның зейнетақы активтерін басқарудың инвестициялық стратегиясы – салымшыларға валюталық тәуекелдерді төмендетіп, активтердің оң сипаттағы нақты құнын сақтау арқылы жылдық кірістілікті қамтамасыз ету екендігін жеткізді. Сондай-ақ, «HalykGlobalMarkets» АҚ өкілі қаржы құралдарын іріктеу қағидаттарына және зейнетақы активтерін басқару кезінде басқарушы компаниялар тап болатын қиыншылықтарға егжей-тегжейлі тоқталды. Мысал ретінде активтерді тәуелсіз бағалау бөлігіндегі нормативтік-құқықтық актілердің жетілмегендігін, басқарудағы активтер көлемімен салыстырғандағы басқаруға кететін шығындар мен кастодиан-банкті таңдау кезінде қойылғаншектеулерді алға тартты.

«Jusan Invest» АҚ Басқарма төрағасы Максим Кабанов қазір қаржы және инвестиция туралы барлық ақпаратты қарапайым тілде жеткізудің өте маңызды екенін атап өтті: «Шын мәнінде, қаржы нарығы өте күрделі. Біз қазір халыққа өздерінің зейнетақы активтеріне салым салудың маңызды әрі оның әлемдік тәжірибесі мол екенін жеткізуге тырысып жатырғанымызбен азаматтардың 90% ол жайында айтылғанын барлық қыр-сырын түсіне бермейді...». Максим Кабанов модельдік портфельдің жынтық кірістілігі мен бастапқы және қайталама турғын үй бағасының жынтық өзгеруін салыстыра отырып, инвести-

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАС ЖУРНАЛИСТЕР МЕКТЕБІ АШЫЛМАҚ



Жобаға кем дегенде 300 жас қазақстандық қатыса алады. Әлеуметтік жоба жас журналистердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға, коммуникация құруға арналған жаңа алаңдарды қалыптастыруға, жас журналистердің шығармашылық және қоғамдық белсенділігін ынталандыруға бағытталған.

«Жобаның маңызды міндеттерінің бірі – жас журналистердің кәсіби құзыреттілігін арттыру. Медиа мамандарына онлайн форматта жұмыс істеу ыңғайлы болғандықтан, біз электронды платформада дайындайтын боламыз. Мұнда жоба қатысушылары үшін оқыту курстары мен жаналықтар порталы қолжетімді болады», – дейді «Қазақстан жастар конгресі» ЗТБ директорының орынбасары Камила Амуртаева.

Жоба аясында конкурстық негізде

жас журналистерге 20 шағын грант бөлінеді. Жалпылай алғанда, кәсіби білім алу және үздік практикалармен алмасу бағытындағы оқытудан кемінде 300 жас қазақстандық өтеді.

Сондай-ақ Нұр-Сұлтан, Шымкент және Ақтөбе қалаларында жастарға арналған пікірталас алаңдары жұмыс істейді. «Форумдар үш күндік оқыту форматында өтеді. Біз журналист болуды армандайтын жас азаматтарды журналистика факультеттерінің студенттерін, жас мамандарды жинаймыз. Форум қатысушылары теориялық қана емес, практикалық тұрғыда білім алуы үшін медиа саласының сарапшылары мен кәсіпқойлары жобаға тренерлер ретінде шақырылады», – деді Камила Амуртаева.

«ҚАЗАҚПАРАТ»

ЖЕМҚОРЛЫҚ - ҚОҒАМДЫ КЕРІ ТАРТАДЫ

Елімізде сыбайлас жемқорлық қылмысының үлесі жылдан жылға артып барады. Әсіресе, пара алу және беру, парақорлыққа делдал болу фактілері жиі тіркелген. Мәселен, 2015 жылғы статистика бойынша бұл әрбір үшінші қылмыс болса, өткен жылы 67 пайыздан астам қылмыс осы санатқа кіріп, 892 адам сотталған.

Міне, осы қоғам дертімен күресіп, оны алдын алу үшін Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ш.Берсиев ауылдық округінде жыл басынан бері 4 дөңгелек үстел өткізілді. Шараға Ш.Берсиев атындағы орта мектеп директоры Гүлден Әділқайырқызы, «Балбебек» балабақша меңгерушісі Раушан Жауғаштықызы, Берсиев модельдік ауыл кітапхана меңгерушісі Ақұл Шалабайқызы және уәсәкелік инспектор Нұрлан Мұқашев қатысқан. Әрбір жиын барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың механизмін жүзеге асыру, мемлекеттік қызмет жүйесінде жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтарға қарсы іс –

қимыл және мәдениетті насихаттау мәселелері талқыланды. Өйткені, бұл дерт заман ағысымен бірге өсіп – өркендеп, қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдердің бірі. Уақыт өте үдеп бара жатқан жемқорлықтың көзін түбегейлі жою үшін нақты іске көшкен абзал. Сондықтан, Берсиев ауылдық округінің уәсәкелік инспекторы мен мекеме басшылары бірлесіп, түпкісін кезекшілікке шығып отырады. Әрі, жемқорлықтың індет екенін адам санасына визуалды түрде жеткізу үшін, ауылдық округтің ішінде арнайы баннерлер де ілінген. Басты мақсат – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдардың негізге ала отырып, кез – келген адамды елімізге адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Әділбек Ізбасов, Ш.Берсиев ауылдық округінің әкімі.

БАЛАЛАРДАҒЫ ІШЕК–ҚҰРТТАРЫ



Ішек-құрт ауруы паразитарлық ауруға жатады. Ең көп таралған – түрлері: аскаридалар (ұзындығы 20-25 см аскаридоз ауруын шақырады) және острицалар (3-7мм) бұлар энтеробиоздар. Азғаға түскен құрттар сол аздағы ақуыз, микроэлементтер мен дәрумендер арқылы қоректенеді. Энтеробиоз салдарынан аздада зәт алмасу жұмысы бұзылып дәрумендер тапшылығы болып, қан азыққа (анемия) алып келеді. Құрттардың негізгі қауіптілігі олар аллергия шақырып, иммунитетті төмендетеді.

Ішек-құрт аурулары әсіресе өсіп келе жатқан бала ағзасында психикалық және физикалық бұзылуға әкеледі. Бойдың өсуі төмендейді, есте сақтау қабілетін төмендетеді. Ішек-құрттары ішекте мекендеп, дәрумендерді сіңіру қызметін бұзады. Іштің ауруы, кебуі белгілерімен көрінеді. Сол

себепті балада мазасыздық, ұйқысыздық оқу қабілеті төмендегені байқалса, міндетті түрде дәрігерге қаралып, нәжісті құрт жұмыртқаларына тексеріліп, емдік дәрігердің бақылауымен жүргізілуі керек.

Ішек-құрт ауруы әсіресе балаларда мектепке дейінгі мекемелерде бастауыш сынып балаларында жиі кездеседі. Көбінесе топырақта ішек құрт жұмыртқалары ұзақ уақыт өмір сүреді. Сол себепті жылына екі рет алдын – алу мақсатымен ем жүргізіп тұру қажет.

Аурудың алдын-алу шаралары: - қолды сабынмен тазалап жуу - қайнатылмаған су ішпеу - жеміс-жидектерді мұқият жуу, ыстық сумен шаю.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

САРЫП МАЛДАН ҚАУІП КӨП!



Адамдар мен жануарлардың жүйке жүйесі мен тірек-қимыл аппаратын зақымдайтын, адамдарда ұзаққа созылатын жұқпалы ауру. Адамдарда сарып ауруы инкубациялық кезеңнен (жасырын мерзімі) 2-3 аптадан кейін жалпы ауырсыну, дене қызуының 39-40 градусқа көтерілуінен басталады. Ары қарай бас ауруы, тершендік пен ұйқысыздыққа ұласады. Буындары, бұлшық еттері ауырсынады. Аурушаңдық 3 айға созылып, 1-2 жылға дейін де ұласуы мүмкін. Ауырған кезде уақыттың дәрігерге қаралмағанда, толық емін алмаған кезде ауру созылмалы түрге көшіп, мүгедектікке және бедеулікке дейін асқынып кетеді.

Жұғу жолдары Инфекция көзі - сарыппен ауыратын ауылшаруашылық малдары. Ауру адамдар ауру малдардан ғана жұғады. Тағам арқылы: -Тамаққа шикі сүт және сүт өнімдерін, ет және ет өнімдерін пайдаланғанда.

Қарым-қатынас: - Ауру малды күтіп бағу кезінде және терінің сыдырылған жарақатына ауру малдың бөлінділері түскенде. Аэрогенді жолмен: - Ауру малдың жүнін қырыққан-

да, мал тұратын қораны тазарту барысында тыныс алу арқылы немесе көздің шырышты қабатына түскенде.

Негізгі сақтану және алдын алу жолдары:

- Міндетті түрде малды жыл сайын сарып ауруына тексерту. Ауру анықталған кезде ауру малды дереу оқшаулап, тез арада жою, мал ұсталған жерге залалсыздандыру шараларын (дезинфекция) жүргізу.

- ішуге сүт, басқа сүт өнімдерін тек қайнатылған түрде пайдалану керек. Себебі ауру қоздырғышы (бруцелла) 100°С температурада қайнатылғанда 5 минут ішінде жойылады.

- сүт, ет, тағы да басқа сүт өнімдерді белгісіз адамдардан сатып алуға болмайды.

- Мал жайлауға арнайы киім кию, мал жайлау уақытында темекі шекпеу, мал жайлағаннан кейін қолды сабындап жуу қажет.

- Ауру малды күтіп баптауға 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер, жұкті және бала емізетін әйелдер жіберілмеу.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

КАК ПРОШЛО ЮБИЛЕЙНОЕ ЗАСЕДАНИЕ ОБЩЕСТВЕННОГО СОВЕТА ПРИ ЕНПФ?

20 заседание Общественного совета при ЕНПФ состоялось 24 июня 2022 года. На повестке дня были следующие вопросы: инвестиционные стратегии управляющих инвестиционным портфелем (УИП), а также Корпоративная стратегия развития АО «ЕНПФ» на 2022-2026 годы.

Все 4 УИП, заключившие договоры о доверительном управлении с АО «ЕНПФ», рассказали членам АО о своих компаниях и основных направлениях управления пенсионными активами. Напомним, объем накопленных, переданных на сегодняшний день УИП, составляет порядка 9 млрд тенге.

Основной посыл всех выступлений представителей компаний по управлению инвестиционными портфелями состоял в том, что пенсионные активы – это долгосрочные инвестиции и анализировать результаты инвестиционной деятельности целесообразно за период не менее трёх-пяти лет. Имеющаяся на данный момент турбулентность финансовых и экономических рынков краткосрочна, но в тоже время требует реагирования. Так, по словам заместителя председателя Правления АО «BCC Invest» Виктора Кышпаннакова, в современных условиях очень важно сохранить накопления вкладчиков. По этой причине АО «BCC Invest» было принято решение не инвестировать в активы, которые могут содержать геополитические риски. Таким образом, даже с учетом высокой предлагаемой доходности изначально не планировалось инвестирование в инструменты стран, участвующих сейчас в конфликте.

Председатель Правления АО «Сентрас Секьюритиз» Талғат Камаров подчеркнул, что в столь сложное время для всех инвестиционных управляющих подобная встреча, как пло-

щадка для обмена опытом, должна сыграть свою положительную роль. Он также отметил, что сложившаяся сейчас ситуация с низким уровнем доходности является реакцией инвесторов на происходящие события, но в долгосрочной перспективе УИП должны обеспечить вкладчикам доходность, превышающую уровень инфляции.

Далее выступил заместитель председателя Правления АО «Halyk Global Markets» Виталий Хон. По его словам, инвестиционная стратегия управления пенсионными активами компании заключается в том, чтобы обеспечить вкладчикам годовую доходность путем снижения валютных рисков и сохранения реальной положительной стоимости активов. Также представитель АО «Halyk Global Markets» подробно остановился на принципах отбора финансовых инструментов и вызовах, с которыми сталкиваются управляющие компании при управлении пенсионными активами, назовем, к примеру, несовершенство нормативно-правовых актов в части независимой оценки активов, расходы по управлению в сопоставлении с размером активов под управлением и ограниченность выбора банка-кастодиана.

Председатель Правления АО «Jusan Invest» Максим Кабанов отметил, что сейчас очень важно всю информацию о финансах и инвестировании рассказывать людям на простом языке: «На самом деле финансовый рынок достаточно сложный и когда мы о нём говорим, 90% граждан не понимает всех тонкостей. Мы стараемся сейчас донести до людей, что вложение в свои пенсионные активы – это важно и имеет за собой огромный мировой опыт». Максим Кабанов привёл примеры долгосрочных инструментов инвестирования, сравнив

кумулятивную доходность модельного портфеля и кумулятивное изменение цен на первичное и вторичное жилье, отметив долгосрочную выгоду первого вида инвестиций.

Обсуждая выступления представителей УИП, члены Совета рекомендовали придерживаться единой методологии оценки пенсионных активов в портфеле под управлением Национального Банка РК и УИП, либо отмечать разные подходы к оценке финансовых инструментов в отчетности.

Кроме того, члены Совета высказали предложение расширить инвестиционные возможности для более широкого круга вкладчиков ЕНПФ по выбору УИП, не ограничиваясь порогом минимальной достаточности. Касательно этой инициативы председатель Правления АО «ЕНПФ» Жанат Курманов сообщил, что в отличие от жилья и лечения, когда пенсионные средства изымаются из пенсионной системы, при переводе в УИП деньги остаются в системе и их целевое назначение сохраняется. В связи с этим совместно с финансовым рынком на площадке АФК рассматривается предложение об изменении условий перевода части пенсионных накоплений УИП без привязки к порогам минимальной достаточности. При этом также возможно будет правильное, если в будущем расчет размеров порогов достаточности будет основываться на стоимости пенсионных аннуитетов.

О стратегии развития АО «ЕНПФ» на ближайшие 5 лет доложила Совету директор департамента стратегического развития АО «ЕНПФ» Камила Фазылова. Она рассказала о том, что на корпоративном сайте epnf.kz опубликована новая Корпоративная стратегия развития на 2022-2026 годы, утвержденная решением Совета директоров. Предыдущая Корпоратив-

ная стратегия была утверждена в 2017 году. В ней были заложены цели и задачи ЕНПФ на период до 2021 года, которые были полностью выполнены.

В новой стратегии предусмотрено, что ЕНПФ продолжит своё развитие в качестве высокотехнологичного финансового института с персонализированным подходом к формированию и планированию накопительной пенсии.

Корпоративная стратегия развития на 2022-2026 годы базируется на принципах социальной политики в соответствии с Государственной стратегией «Казахстан-2050». Концепцией дальнейшей модернизации пенсионной системы Республики Казахстан до 2030 года, Концепцией по развитию финансовых технологий и инноваций на 2020-2025 годы.

Своей миссией согласно стратегии ЕНПФ определяет «Надежный учет пенсионных сбережений и оказание качественных пенсионных услуг, доступных каждому вкладчику». Выполнение этой миссии основано на таких ценностях, как человекоцентричность и ориентированность на потребителя, приверженность качеству, технологичность, надежность, ответственность, прозрачность и открытость. По словам Фазыловой, достижение целей и выполнение задач Фондом в ближайшие пять лет должны дать результат, прежде всего, для вкладчиков и получателей, так как именно их удовлетворённость нашей работой, получение надежных, доступных и высокотехнологичных услуг – это главный знак качества работы ЕНПФ.

Все материалы заседания, включая презентацию УИП представляются на сайте epnf.kz в разделе «Общественный Совет» - «Протоколы заседаний, презентации».

ПРЕСС-ЦЕНТР АО «ЕНПФ»

ҚҰРБАН АЙТ - ІЗГІЛІКТІ МЕРЕКЕ



Өткен сенбі күні барша мұсылман қауымы үшін қасиетті мереке - Құрбан Айт басталды. Осы мерекенің құрметіне орай ойылдықтар таңертең Айт намазын оқыды. Ойыл аудандық мешітінің имамы Сұлтанбек Мұқашев Айт намазына жиналған жамағатқа айт намазының қадір қасиетін, Құрбан Айт мерекесінің маңызы мен мағынасын түсіндіріп, атқарылатын амалдарды жеткізді. Айт намазынан кейін ауыл ағалары бата берді. Арнаулы мал сою пунктінде барлық талаптар сақтала

отырып жамағаттың құдай жолына арнаған құрбандықтары шалынды. Мұсылман қауымы үшін үлкен мереке саналатын айт намазынан кейін аталған мешітке ұлттық ойын түрлерінен спорттық сайыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздары марапатталды. Ауыл ақсақалдарына ас берілді.

"Негізінде Құрбан Айт мерекесі тек ғана құрбандық шалумен шектелмейді. Үш күнне созылатын мерекеде адамдар мейлінше ізгі амалдар жасап, сауап жинап қалуға ты

рысуы керек. Сонымен қатар, айт күндері адамдар бір-бірінің халін сұрап, сыйлық бергендері де абзал" - дейді Ойыл аудандық мешітінің имамы Сұлтанбек Мұқашев.

Р.С. ЖАЛПЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША ҚҰРБАН АЙТ КҮНДЕРІ ҮШ ІРІ ҚАРА, 69 ҚОЙ ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛЫНЫП, ЕТТЕРІ МҰҚТАЖ 183 ОТБАСЫНА ТАРАТЫЛДЫ.

С.ХАМЗИН,
Ойыл селосы.



ҚАСҚАЙЫП ТҰРШЫ, БАТЫР БАБАМ!

Ассалаумағалейкум Есет бабам!
Қашаннан сені күтіп жатыр далаң
Күні жоқ атыңды айтып аң ұрмаған,
Бізде енді еңсемізді көтерейік
Қасқайып тұршы осылай батыр бабам!

(Есет Көкіұлының 325 жылдығына Сағи Жиенбаев атамыздың шығарған «Батыр бабамен сырласу» арнау өлеңінен үзінді)

Есет батыр қазақ тарихында ерекше өз орны бар, бүкіл өмірін халқының азаттығына арнаған, өмірлік ерлік жолы қазақ тарихында алтын өріппен жазылған тұлға. Еліміздің, жеріміздің тұтас болуы, халқымыздың қаншама қиын сындарлы кезеңдерді басынан өткерсе де жойылмай, ертеңгі күнге сеніммен қарауы осындай тарихи тұлғалардың арқасы. Ел басына күн туған кезеңде халқымыздың бағына біткен, елдің бірлігіне ұйқты бола білген, қол бастаған батырларымыз аз емес. Солардың бірі де бірегей ұлт азаттық қозғалысының қолбасшысы болған батыр бабамыз – Есет Көкіұлы. Ата жолы, ана сүті Есеттей тұлғаны қазақ тарихының сахнасына Кіші жүздің бас батыры етіп сомдап шығарды. Қазақ елінің азаттығын аңсап өткен, өмірі төндесі жоқ ерлікке толы батыр бабамыз халқының жүрегінен мәңгі орын алатыны сөзсіз. Батырдың ұлылығын ұлықтап, батырлығын насихаттау мақсатында Сағи Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасының ұйымдастыруымен ZOOM платформасында Ақтөбеде шыққан батыр Тама Есет Көкіұлының туғанына 355 жыл толуына орай коворкинг орталығында конференция өтті. Мақсаты: Өлкетік тарихи тұлға Есет Көкіұлының батырлығын насихаттау және сол дәуірдің тарихын өскелең ұрпаққа таныстыру, жастарды отаныштық тәрбиелеу, олардың патриоттық рухын көтеру. Конференцияға Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінен доцент, тарих ғылымдарының кандидаты Абензов Даулет Құсайынұлы мен тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Сүлейменова Гүлжанат Жалқызы және Қостанай өңірлік А.Байұрсынов атындағы мемлекеттік педагогикалық институтынан профессор, тарих ғылымдарының кандидаты Исенов Өтеген Ихсанұлы қатысты. Сонымен қатар ауылдық, аудандық кітапханашылар мен оқырмандар атсалысты. Конференция барысында тарихшылар баяндамаларында тарихи тұлғаны тану үшін, оның өмір сүрген заманын білу керектігіне, Тама Есет батырдың өмір деректеріне, тарихи болмысына тоқталды. Сонымен қатар конференцияда Есет батыр Көкіұлының ғұмырнамасына қатысты мәселелер айтылды. Есет Көкіұлы туралы біраз тарихи деректер мен батыр жайлы небір аңыздар айтылып, батырдың



қызы Ботагөз, жауға қарсы бірге шапқанүзегілес досы Бөкенбай батыр жайлы және Ақтөбе қаласы Бестамақ ауылында орналасқан мемориалды кешені жөнінде түрлі видео роликтер көрсетіліп, батырға арналған арнау өлеңдер. Сонымен қатар «Ел тірегі – Ер Есет» атты кітап көрмесі жасалып, көрме таныстырылды. Тама Есет батыр – қазақ халқының тағдырына қатал сын тұрғымен ХҮІІІ ғасырдың даңқты тұлғаларының бірі. Ел тағдыры қыл үстінде тұрған кезеңде Тама Есет батыр ерлік пен қаһармандық, ақыл-парасат, көшбасшылық қасиет үлгісін көрсете білді. Сондықтан ол елдің ерекше сый-құрметіне бөленді. Есет батыр өз заманында ханның кейін сөйлейтін үлкен бедел иесі болған. Шақшақ Жәнібектен кейінгі екінші тархан атағын иеленген тарихи тұлға. Сол заманғы ұғым-түсінік бойынша батыр атанған адам алдымен өз аталығын, руын басқарып барып, үлкен деңгейге жетеді. Есет Көкіұлы бұлардың барлығынан өтіп барып тархандық дәрежеге жетті. Есет батыр қазақ халқының егемендігі үшін, жері үшін көптеген шайқастарға қатысқан. Батырдың ерлік жолын, ұрпағын толықтай зерттеген, ол туралы көптеген ғылыми мақалалар жазып жүрген про

фессор, тарих ғылымдарының кандидаты Өтеген Ихсанұлы батырдың осындай ірі шайқастардың бірі «Қалмаққырылған» шайқасына қатысқандығын өзінің ғылыми мақалаларының бірінде жариялағанын болатын. Негізі Өтеген Ихсанұлының айтуынша, батыр жайлы көптеген мақалалар «Қазақ тарихы» журналының 2008 жылғы басылымында жарияланғанекен. Ол мақалаларда батырдың таба алмаған жағдайда Сағи Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасына келулеріңізге болады. Кітапханашылар Өтеген Ихсанұлының рухсатымен тарихшының жазған мақаласын әдістемелік құрал ретінде шығаруда. Тарихи деректерге немесе елге тұлға болған ерлерге арналған жырлар шежірелік тарихи деректерге толы мәлімет беретінімен халыққа ұнаса керек. Мұндай шығармашылық дәстүр ұзақ жылдар бойы жалғасын тауып келді, тіпті өлі күнге дейін өз жалғасын табууда. Мысалы: Осы күнге дейін Есет Көкіұлының бірнеше жылдық ас беру шаралары болды, осындай шараларда өлкетік ақындар шабыт алып батыр бабамызға арнап көптеген арнаулар шығарған екен. Ендеше арнау өлеңдермен таныс болыңыздар.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ІТ КАДРЛАРДЫ ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЙДЫ?



Биыл құжаттарын тапсырып жатқан талапкерлер арасында ІТ саласына жоғары сұраныс байқалып отыр. Ақпарат технологиялары қарқынды дамып келе жатқан осы кезеңде алпауыт компаниялар білікті мамандарды өздеріне тартып жатқаны белгілі. Бұл бағытта қызығушылық танытқан жастар өздерінің біліктілігін жетілдіруге тырысып отыр. Осы орайда жоғары оқу орындарында ІТ мамандары қай бағыттарда даярланатыны жайында және қандай білім беру бағдарламалары құрылғаны туралы мәлімет беруді жөн санадық. «Қазіргі кезде 76 жоғары оқу орны ІТ саласының кадрларын даярлап жатыр. Тиісті стандарттарға сәйкес, академиялық әрі басқарудағы еркіндігі аясында жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді. Білім беру бағдарламаларының тізілімі құрылып жатыр. Бұл реестрге ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша 537 бағдарлама енгізілген. Оның ішінде 33-і инновациялық және 172-сі жаңа бағдарлама болып саналады. Атап айтқанда, «Бағдарламалық инженерия», «Есептеу техникасы», «Денсаулық сақтау саласындағы ІТ бағыт», «Дизайндағы қолданбалы информатика», «Бизнес-аналитика және

ІТ-жобаларды басқару», «Басқарудың компьютерлік жүйесі мен робототехника», «Киберқауіпсіздік», «Мұнай мен газ саласындағы ақпараттық технологиялар», «Ақпараттық жүйенің қорғалуы», «Автоматизация және өндірісті басқару», «Жасанды интеллект технологиясы» секілді бағыттар бар», - делінген Ғылым және жоғары білім министрлігінің «ҚазАқпарат» агенттігіне берген мәліметінде. Айта кетейік, Жаңа мамандықтар атласында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша алты өзгермелі және 40 жаңа кәсіп белгіленген. Жастарды оқытуға жобаларды тәжірибе жүзінде іске асырып жатқан мамандар жұмылдырылып жатыр. Сонымен қатар, олар зертхана деңгейінде студенттерді оқытады. Мәселен, оқу жылының басынан бері жоғары оқу орындары 2 мыңнан астам ІТ мамандық тартқан. Студенттер ІТ-компаниялар мен кәсіпорындардың базасында тәжірибеден өтеді. Сондықтан саланың қырсырын тәжірибе жүзінде меңгеру үшін тиісті жағдай жасалып отыр. Бұл мамандық бойынша білім алу үшін талапкерлер ІТ бағыттар тұрғысында лицензиясы бар ЖОО-ларға түсуі керек. 2021 жылы 15 177 адам ІТ салада білім алу үшін оқуға түскен. Олар

дың арасында мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында 8 498 талапкер қабылданды. Былтыр ІТ бағыт бойынша оқуларын 9 147 адам тәмамдады. «Аталған Атластағы мәліметтерге сәйкес, ІТ салада жаңа мамандықтар пайда болып отыр. Олардың арасында ІТ-этика саласындағы кеңесші, кибертергеуші, жасанды нейрон желілерінің жобалаушысы, киборгизация жөніндегі нұсқаушы, цифрлық даму саласындағы тьютор, киберпротектор, кибер-скиллингер - сандық дағдыларды құрастырушы ескерілген» - деп аталып өткен министрлік мәліметінде. Жаңа мамандықтар атласы мен кәсіби стандарттар негізінде жоғары оқу орындары ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында жаңа білім беру бағдарламаларын әзірледі. Солардың қатарында бағдарламалық инженерия, компьютерлік технологиялар саласындағы ғылым, киберфизикалық жүйелер, мәліметтер жөніндегі ғылым, роботтандырылған ұшқышсыз аппараттар, ІТ-менеджмент, ІТ-кәсіпкерлік және цифрлық экономика сияқты бағдарламалар ескерілген.

Руслан ҒАББАСОВ,
inform.kz



Сағадат Мұсағалиеваның Есет батыр Көкіұлының 335 жылдығына арнап шығарған өлеңі

Көз жетпестей сағым дала керілген,
Сан алуан ұлт мекендеген жерім кең.
Батыр бабам бірге жасап келесін,
Үш ғасырдан астам туған еліңмен.

Егемендік – бүгін қолдың жеткені,
Бейбітшілік нұры өлемге сепкені.
Әр ісінді өнеге қыл ұрпаққа,
Сыр ақтарған талай тарих беттері

Елің оймен өткенінді салмақтар,
Халқың сүйіп есімінді ардақтар.
Батырға тән айбатыңнан кесектің,
Ел шетіне кіре алмаған қасқаңдар.

Қамын ойлап ата-жұрттың, қоныстың,
Тұралықпен әлсіздерге болыстың.
Анталаған жауға қарсы күресте,
Одақтасқан патшасымен орыстың.

Пір тұтады есімінді халық шын,
Талай өлім аузына да барыпсың.
Ханмен бірдей құқылы боп билікте,
Еңбегіңмен тархан атын алыпсың.

Ат үстінде ұйқысыз таң атырдың,
Бірлік пенен татулыққа шақырдың.
Үзгенгілес бірге жүрдің қасында
Бөкенбай мен Жәнібектей батырдың.

Ерлігіңе куә тарих даламыз,
Есіміңнен зор қасиет табамыз.
Әулие боп, даңқың жетті алысқа
Кіші жүзден шыққан, Есет бабамыз.
Болсаң бүгін, ел тағдырын шешер ең,
Жамандықтың жолын әркез кесер ең,
Жоқсың бірақ шапағатын тигізіп,
Ескерткіш боп биікте тұр кесенен

Есет Көкіұлының 325 жылдығына Сағи Жиенбаев атамыздың шығарған арнау өлеңі.

«Батыр бабамен сырласу»

1. Ассалаумағалейкум Есет бабам!
Қашаннан сені күтіп жатыр далаң
Күні жоқ атыңды айтып аң ұрмаған,
Бізде енді еңсемізді көтерейік
Қасқайып тұршы осылай батыр бабам!

2. Жан барма осы күнді аңсамаған,
Сарғайып сағы сынып шаршамаған.
Қырларың Ақтөбенің дүрлідеп,
Арғымақ ақпағалы қанша заман.

3. Жер теуіп, жұлқынып тұр пырақтарың
Қанша жыл соны аңсады қыраттарың.
Жиналып жатыр міне талай жылдар,
Бір-бірін көрмей кеткен шырақтарың.
4. Жер-көкті уысына сыйғызардай
Еліміз деп елеулеп-ек шың құзардай
Алдында уятты боп жүр-ек қой біз
Басыңа бір мұнара тұрғыза алмай.

5. Әйтеуір көрінетін жақсы адамдар,
Бізге де өзің көрген патшалар бар.
Қанша жыл төре болып
төбеңде ойнап,
Атыңды бір айтпады-ау патшағарлар.

6. не жаны бар сен дегенде,
Қанша жыл көр болды ғой еңгелерге.
Атаусыз қалар ма едің төір айдап,
Өрдіңе шалбай балаң келмегенде.

7. Бұлда бір айтып жүрер ұлы
ас болды,
Зәредей жалғаны жоқ шын ас болды

Жүруші-ек құдай жоқ деп күнде қақсап,
Құдайдың бар екені рас болды.

8. Осы той басы болғай берекенің,
Көрсеткен күт дарыған жер екенің.
Дәл бүгін ұлы бабам ұрпағына
Білдірдің Ақтөбенің ел екенін

9. Бұл күнді қақтан тілеп
тау күткендей
Жүздері арулардың албырт гүлдей
Төбелерін, түрлерін тұр туған жердің
Тасы мен талына да жан біткендей

10. Тегін тұр бүгін міне
таң да арайын,
Той-думан, сен-салтанат, ән маңайың,
Көтерген еңсемізді көкке бүгін,
Жан-ата айналайын аруағыңнан

Сөз соңында айтарым, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық сана мен ұлтжандылықты Қазақстан халқының бойына сіңіруде Есеттей батыр бабаларымыздың тарих сахнасындағы ерекше ерлігі мен еңбегін ұрпақ сана-санада ұялата білуіміз қажет. Міне, батыр бабамыздың 355 жылдығына арналған конференция арқылы батыр бабамыздың ерлігін жастарға жеткізе алдық деген ойдамын.

Гүлнұр ИХСАНҒАЛИЕВА,
Сағи Жиенбаев атындағы
Ақтөбе облыстық жасөспірімдер
кітапханасының кітапханашысы,
Ақтөбе қаласы.